ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

KORKYT ATA UNIVERSITY

СЫР ТҮЛЕГІ

жастар газеті

https://korkyt.edu.kz/

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№8 (462) 23 қазан, 2026 жыл



Құрметті профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері мен білім алушылар!

Сіздерді ұлттық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – тәуелсіздігімізге арқау болған жолымыздың тарихи бастауы, халқымыздың азаттығы мен мемлекеттілігінің айғағы болып табылады. Өткенімізді бағалап, болашағымызды айқындайтын, ел бірлігі мен татулығын дәріптейтін ерекше мереке.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық және интеллектуалдық дамуы тікелей жоғары білім беру жүйесі мен отандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Осы стратегиялық бағытта университетіміз мемлекеттік міндеттерді сапалы орындап, жоғары білікті кадрлар даярлау ісіне айтарлықтай үлес қосып келеді.

Ұлттық мереке қарсаңында сіздерге кәсіби табыс, ғылыми-зерттеу жұмыстарыңызға жаңа жетістіктер мен еліміздің игілігі жолындағы мемлекеттік маңызы бар істеріңізге сәттілік тілеймін.

Құрметпен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Басқарма төрағасы – Ректоры Наурызбай Байқадамов

Құны 2 миллиардтық ғылыми жоба мақұлданды

Бүгінде жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар өңірлердің даму әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Заманауи технологияларды тиімді пайдалану экономикалық үдерістерді оңтайландыруға, басқару шешімдерінің сапасын жақсартуға және өзекті әлеуметтік мәселелерді ғылыми негізде шешуге мүмкіндік береді.

Осы орайда Ұлттық Ғылыми Кеңестің шешімімен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында 2026-2028 жылдарға арналған BR34636848 «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жасанды интеллект негізіндегі интеллектуалды цифрлық технологияларды әзірлеу және енгізу» тақырыбындағы жоба қолдау тапқанын қуанышпен хабарлаймыз. Жоба құны – 1 999 998 505,73 теңге. Ғылыми жетекшісі – PhD Н.Қоңырбаев.

Айта кетейік, жобаның алдағы 3 жылда жүзеге асырылуы өңірдің цифрлық даму бағыттарын кеңейтіп, ғылым жетістіктерін экономикалық және әлеуметтік үдерістермен ұштастыруға мүмкіндік береді.

СТ Ақпарат



ҚЫРАН ЕЛІМ, ТҰРАН ТӨРІМ – ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Күні кеше Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 25 қазан – Республика күніне арналған «Қыран елім, Тұран төрім - Қазақстаным» атты салтанатты мерекелік шара өтті.

Салтанатты жиын ҚР Мемлекеттік Гимнінен бастау алып, Басқарма Төрағасы – Ректор Наурызбай Байқадамовтың құттықтау сөзімен жалғасты.

– Құрметті әріптестер, қадірлі білім алушылар! Баршаңызды еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттырып, халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын ең ұлық мереке. Республика күні 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің шешімімен Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясынан бастау алады. Осы құжатқа еліміз халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде сыртқы саясатты ұлттық мүддеге сай анықтау құқығымен ішкі саяси экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу принципі жарияланып, тәуелсіздігіміздің саяси құқықтық негізін қалады,- деп Республика күнінің ел тарихындағы маңызына тоқталды.

Бұдан кейін жоғары білім мен ғылымның дамуына елеулі үлес қоса отырып, өркендеу жолында атқарған абыройлы еңбегі мен адал қызметі үшін бірқатар профессор-оқытушылар мен қызметкерлер арнайы марапатталды. Солардың бірі 30 жылға жуық университетте қызмет етіп жүрген Мурзабеков Мирамбек Махмутұлы:

– Әуелі баршаңызды еліміздің ең елеулі мерекелерінің бірі – Республика күнімен құттықтаймын! Сол мерекеге орай ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталып жатырмын. Өзім «Жаратылыстану» институтының «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасында 30 жылдан астам қызмет етіп келемін. Осы уақыт ішінде бірқатар шәкірттер тәрбиелеп шығардық. Халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде жеңімпаздар болып жатқандары да бар. Біз сол студенттерімізбен мақтанамыз,- деді.

Айта кетейік, бұдан бөлек ҚР ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының «Құрмет грамотасымен», Қызылорда облысы әкімінің «Алғыс хатымен», Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректорының «Құрмет грамотасымен» және «Алғыс хаттарымен» марапатталғандар да болды. Ал «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалі» иегері ҚР «Мәдениет саласының үздігі», композитор Шынымов Сәкен Айтбайұлына бұйырса, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Үздік түлек» медалі Қызылорда облысының Еңбек мобильдігі орталығы КММ жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау бойынша мониторинг бөлімінің басшысы Самыратов Абылай Мирамбекұлына тиесілі болды.

Мерекелік кеш университет өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Құттықтаймыз!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, филология ғылымдарының докторы Жеңіс Сәдуақасұлы, «Биология, география және химия» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Анипа Сейдалықызы Талапова мен «Физика және математика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Бақытхан Жүнайдұлы Абдикаримов **«Құрмет»** орденімен марапатталды.

Университетіміздің ғылымы мен білімін дамытуға қосқан елеулі үлестері үшін жоғары наградамен марапатталған ғалымдарымызды шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің ғылым жолындағы қажырлы еңбектеріңіз бен ізгі ізденістеріңіз – кейінгі ұрпаққа үлгі әрі ел игілігіне қызмет етудің жарқын көрінісі. Әрдайым іргелі зерттеулеріңіз жемісті болып, еселі еңбектеріңіз елене берсін.

СТ Ақпарат

ӨМІРІ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ



Елу жылға жуық ғұмырын ұстаздыққа арнаған, мыңдаған шәкірттің жүрегіне ғылымға жол салып берген ғалым Серікбай Ыдырысұлы Өмірзақовтың 70 жас мерейтойы қазан айының 15 жұлдызында аталып өтті. Жан дүниесі шаруашылыққа жақын Серікбай Ыдырысұлының өмірі ұрпаққа өнеге. Ол – еңбек жолын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ассистент, оқытушы болып бастап, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректорға дейін көтерілген, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын 10 жылдай басқарған тұлға. Сіз бен біз тұтынып жүрген күріштің көп түрлерін тек теориялық тұрғыда емес, тәжірибе жүзінде зерттеп, өмірге алып келген автор.

Осыған орай Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты бірлескен Ғылыми кеңесінің салтанатты мәжілісі өтті. Қазақ аграрлық ғылымдар академиясының академигі, Қорқыт Ата университетінің құрметті профессоры, техника ғылымдарының докторы Серікбай Өмірзақовты мерейлі белесімен құттықтап келген қауым көп болды.

Ең әуелі Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов облыс әкімінің құттықтау хатын табыстап, Серікбай Ыдырысұлын «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Ал Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Дана Абдрашева университеттің Басқарма төрағасы - ректоры атынан құттықтау хаты мен арнайы сыйлығын табыс етті. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қали Әбдіұлы Омаров баяндама жасап, мерейтой иесінің ғалымдық тұлғасы мен ғылымға сіңірген еңбектеріне тоқталды:

– Ғалымның қаламынан 180-нен астам ғылыми еңбек, 4 монография, бірнеше оқулық пен оқу құралы, 20-дан астам ұсыным мен патент жарық көрді. Іргелі зерттеулерді өндірістің нақты қажеттілігімен ұштастырған Серікбай Ыдырысұлының ғылыми жолы – осылайша елдің су және азық-түлік қауіпсіздігіне, Сыр өңірінің экологиялық тұрақтылығына қызмет етуде. Ол өңірге қажетті мамандар даярлауға, гидроэкология, фермерлік іс және «Орман мелиорациясы» мамандықтарын ашып, олардың оқу-әдістемелік және материалдық базасын қалыптастыруға елеулі үлес қосты,-деді.

Жиын барысында қатысушылар Серікбай Өмірзақовтың ғылыми еңбектері, аграрлық ғылымды дамытуға және білікті мамандар даярлауға қосқан үлесі және адами қасиеттері туралы естеліктерімен де бөлісті. Сондай-ақ үлкен өмірлік және ғылыми тәжірибенің шыңына жеткен ұстазды бір топ докторанттары да құттықтай келіпті. Біз де өз кезегімізге адамдықтың қалыбын бір бұзбаған ұстаз әрі шуақты шаңырағының алтын діңгегі, мерейтой иесінің жан жары Минсара Сәдуақасқызына еткен еңбектеріңіздің бейнетін бірге көруді нәсіп етсін дегіміз келеді.

Жансая ЕЛУБАЙҚЫЗЫ

БАҒДАТ КӘРІБОЗҰЛЫНЫҢ 70 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ӨТТІ



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Студенттер сарайында 12 қазан күні көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Бағдат Кәрібозұлының 70 жас мерейтойына арналған Ғылыми кеңестің салтанатты мәжілісі өтті.

Мәжілісті Басқарма төрағасы – Ректор Наурызбай Байқадамов жүргізіп, мерейтой иесінің өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметіне тоқталды. қазақ әдебиеттану ғылымы мен жоғары білім саласының дамуына қосқан үлесін атап өтті. Университет атынан ғалымға құрмет көрсетілді.

Бағдат Кәрібозұлының көпжылдық ғылыми-педагогикалық еңбек жолы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетімен тығыз байланысты. Жоғары оқу орнында оқытушылық қызметтен бастап, доцент, профессор, факультет деканы, проректор және ғылыми құрылымдардың басшысы сынды жауапты қызметтер атқарған. Қазіргі уақытта «Қорқыттану» ғылыми орталығында бас ғылыми қызметкер ретінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді.

Ғылыми кеңес барысында Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбетов облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың атынан Бағдат Кәрібозұлын «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ғалымның шәкірті Ғабит Тұяқбаев мерейтой иесінің ғылыми-педагогикалық қызметі туралы баяндама жасап, оның ұстаздық жолы мен әдебиеттану саласындағы еңбектерінің маңызына тоқталды,- деп хабарлайды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы.

Салтанатты мәжіліс аясында Бағдат Кәрібозұлының өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұрасын арқау еткен «Ғибратты ғұмыр» кітабының тұсаукесері өтті. Мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев пен Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты, «Ауыл» партиясы төрағасының орынбасары – Орталық аппарат жетекшісі Шахмардан Байманов тың мерейтой иесіне арналған құттықтау лебіздері жеткізілді.

Іс-шара студенттердің поэзиялық арнауымен жалғасып, профессор Бағдат Кәрібозұлының жиналған қауымға білдірген алғыс сөзімен қорытындыланды.

СТ Ақпарат

ҰСТАЗ ДЕГЕН – ҰЛАҒАТТЫ ҰЛЫ АДАМ, БАС ИЕДІ ОҒАН АҚЫН, ҒҰЛАМАҢ!

Ай басында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті шәкірттердің жүрегіне білім шырағын жаққан ұстаздар қауымын марапаттап, ерекше концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Шара университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Наурызбай Сейтқалиұлы Байқадамовтың құттықтау сөзімен ашылды:

– Сіздерді 1 қазан – Қазақстан Республикасының Жоғары білім қызметкерлері күнімен және Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қос мерекенің бір күнге тоғысуында терең тағылым, үлкен сабақтастық бар. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген халқымыз білім берген ұстазды қашанда ардақ тұтқан. Ал «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп, аға буынның ақыл-парасатын елдік мұраттың темірқазығына балаған. Бүгінгі мереке – ұрпаққа ұлағат дарытқан ұстаз бен өнегелі ғұмыр иесі аға буынға көрсетілер құрметтің жарқын көрінісі, - деді.

Бүгінде елімізде 120-ға жуық жоғары оқу орны болса, онда 40 мыңға жуық ұстаздар қауымы қызмет етеді екен. Олардың 46 пайызынан астамында ғылыми дәреже бар. Ал біздің қара шаңырақта 996 қызметкер еңбек етеді. Оның ішінде 521-і – профессор-оқытушылар. Сондай-ақ қазіргі таңда оқу ордасында 360 ардагер болса, соның 134-і еңбек жолын жалғастырып, оқу орнының дамуына өз үлесін қосуда. Осы ұстаздарымыздан жаңа оқу жылында 147 білім беру бағдарламасы бойынша 11 500-ге жуық білім алушы білім алуда. Олардың жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше. Осыған орай, бір топ оқытушылар мен қызметкерлер марапатталды. Солардың бірі – «Шетел тілдері және аударма» білім беру бағдарламаларының жетекшісі, философия докторы (PhD) Гаухар Сейтова Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Жас та болса бас болып жүрген мықты маман Гаухар Аманжолқызы:

– Сіздерді бүгінгі Жоғары Білім қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Осы университетте еңбек еткеніме биыл 16 жыл. Жалпы осы маман дәярлау ісінде университетіміз өңірдің альма-матері болып есептелінеді. Біз мұны мақтан тұтамыз. Абай Құнанбайұлы өзінің 38-қара сөзінде «Адамды адам ететін ұстаз» дегендей, мектеп қабырғасынан бізге тұлға болып келген азаматтарымызды ары қарай өмірдің бәйгесіне маман ретінде қосу жолында еңбек етудеміз. Және де еңбегіміздің әр ұстаз секілді жемісін



көргіміз келеді,- деп жылы лебізін білдірді.

Айта кетейік, осы уақытқа дейін оқу ордасы сан мыңдаған түлектің талабын ұштап, қанатын қатайтқан. Жаңа оқу жылында да бірқатар білім алушы дәл осы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін таңдады. Оның ішінде 3111-і бакалавриатқа, 277-сі магистратураға, 23-і докторантураға қабылданып, жалпы саны 3411-ді құрады. Ал жыл көлемінде 150-ге жуық талапкерге жоғары білім алуға мүмкіндік беретін университеттің ішкі білім гранттары белгіленген.

Университет – ғылым мен ізденістің ордасы, ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірі, елдің ертеңін қалыптастыратын парасат мектебі. Осынау үлкен міндеттің артында мыңдаған шәкірттің жүрегіне білім шырағын жаққан ұстаздың еңбегі, ғалымның ізденісі, ардагерлеріміз қалыптастырған берік дәстүр жатыр. Сондай ұстаздарымыздың бірі әрі бірегейі – «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Баялиева Гүлмира Жарылқасынқызы:

– Бүгін, міне, «Әділет» партиясының «Алғыс хатымен» марапатталып жатырмын. Бұған дейін 8 наурыз мерекесі қарсаңында «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен де марапатталған болатынмын. Шүкір деймін! Осы университетте қызмет еткеніме 36 жыл болыпты. Сол уақыттан бері бір жерде тұрақты түрде жас ұрпаққа білім беруде аянбай еңбек етіп келе жатырмыз, - деді бүгінде 3 бала тәрбиелеп, немере сүйіп отырған аяулы ана, асыл әже Г.Баялиева.

Шынында Қорқыт Ата университеті облысымыздағы беткі ұстар оқу орындарының бірі, Гаухар Аманжолқызы айтқандай, альма-матері. Өйткені мұнда жоғарыда айтып өткендей 11 мыңнан астам білім алушы оқиды. Ал оларға сапалы білім беру мақсатында университетіміздің базасы жыл сайын жаңартылуда. Бір ғана 2026-2027 оқу жылына құрылыс, жөндеу және абаттандыру жұмыстарын қоса алғанда 2 млрд теңгеге жуық қаражат бөлініп отыр. Оған екі жатақхана жаңғыртылып, №2 оқу ғимаратының қасбеті жаңа материалмен қапталды. №1 оқу ғимараты мен «Сейхун» спорт кешенінің ішкі келбеті, №5 жатақхана жанындағы ашық спорт алаңы күрделі жөндеуден өтті. Бас және №9 оқу ғимараттарының ішкі бөліктері заманауи материалдармен жаңартылды. Сондай-ақ «Инженирингтік парк» ғимаратының құрылысы жақын күндері ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Алда №1 жатақхананы толық күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары басталмақ. №5 оқу ғимаратының жанынан салынатын жаңа оқу ғимараты мен 2 оқу ғимаратының жанынан арнайы жаңа оқу корпусын бастау үшін жобасметалық жұмыстар жасалынуда. Мұнан бөлек бұрынғы көмір қоймасын күрделі жөндеуден өткізіп, «техникалық хаб» жасақталынатын болады. Сонымен қатар құны 100 мың долларлық кореялық құрылғылар пайдалануға берілмек.

Шара соңы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Кеулімжай Ботабаевтың жетекшілігімен Студенттер оркестірінің мерекелік концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Жансая Елубайқызы

ҒАЛЫМ АМАН АБАСИЛОВТЫҢ 60 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫ АТАЛЫП ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 9 қазан күні социолингвист ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Аман Абасиловтың 60 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын және «Тіл және қоғам: әлеуметтік лингвистиканың жаңа парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Іс-шарада университеттің Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Дана Абдрашева мерейтой иесін құттықтап, ғылыми-педагогикалық қызметіне жоғары баға берді. Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының құттықтау хатын табыстады. Жиын барысында ғалымға құрмет көрсетіліп, шапан жабылды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 1998 жылдан бастап аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, қауымдастырылған профессор қызметтерін атқарған белгілі тілші-ғалымға арналған халықаралық конференцияға Қырғыз



Республикасының, еліміздің жетекші ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты. Олардың қатарында ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы Шерубай Құрманбайұлы, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, Т.Эрматов атындағы Бішкек музыкалық-педагогикалық институтының директоры, профессор Уланбек Мамбетакунов және отандық тіл білімінің өзге де белгілі ғалымдары қатысты.

Ғылыми басқосуда университеттің филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов мерейтой иесінің өмір жолы мен ғылыми қызметіне арналған баяндама жасады. Ал «Тілдің әлеуметтік мәні мен қызметі (тұжырымдар, ұсы-ныстар)» атты кітабының тұсаукесер рәсімінде «Қазақ тілі мен әде¬биеті және журналистика» білім беру бағдарламасының қауым¬дасты¬рылған профессоры, филология ғылым¬дары¬ның кандидаты Күлдірсін Сарышова кітаптың маңызына тоқталып, ғалым¬ның тұжырымдары оқырманды ойландырып, шәкірттерді ізденіске же¬телеп, мемлекеттік тіл мәселесінде батыл көзқарас қалыптастыратынын атап өтті.

Сонымен қатар облыстық телеарна дайындаған «Болмыс» деректі фильмі көрсетілді. Фильмде ғалым Аман Абасиловтың ғылыми ізденістері, шешендік өнері, қазақ тіліне қызмет ету жолындағы ұстанымы мен әлеуметтік лингвистика саласына қосқан үлесі әріптестерінің пікірлері арқылы баяндалды.

ТАЛПЫНҒАН МАҚСАТ ІЗДЕП МАҚРҰМ ҚАЛМАС

ҚОЛДА БАРДА АЛТЫННЫҢ ҚАДІРІ ЖОҚ

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Жұмыр басты пенденің бәрі сол. Кейде барымызды бағалап, шын түбіне үңіліп қадірін білмей жатамыз. Мысалы, сіздің 10 гектар жеріңіз бар делік. Сол 10 гектар жерге биыл күріш, қауын, қарбыз және жүгері екпексіз. Айтыңызшы, қайсысын қалай суаратыныңызды білесіз бе? Жер тамырын «иітуге» білек сыбана кірісерде қай дақылдың қанша мөлшерде су ішетінін немесе суды қалай ішетінін ойланып көрдіңіз бе? Қара жердің бабы мен бағы сіздің білімділігіңізбен тікелей байланысты екенін білетін боларсыз? Сірә, бұл сұрақтарға бас ауыртпадыңыз-ау. Ертеректегідей жерге арық қазып, соның бойынан су жібереміз деп тұрсыз ғой иә?! Алайда «Су ресурстары және суды пайдалану» маманы бұл ойыңызбен келіспес еді. Өйткені, олар қай дақылдың қаншалықты мөлшерде су ішу керектігін толық меңгеріп оқиды. Және оларды суарған кезде жаңбырлатып суару керек пе, тамшылатып суару керек пе, атыздатып суару керек пе дей келе, зерттей отырып, тиімді тәсілдердің бірін қолданады.

– Халық арасында көп су берсек, жақсы болады деген түсінік бар. Алайда бұл олай емес. Өйткені топырақ та, өсімдік те өзіне керегін алады да, қалған су жердің астынан ыза су боп көтеріледі. Сөйтіп топырақтар татқа айналып кетеді. Себебі судың құрамында да, топырақтың құрамында да тұз бар. Су буланып ұшып кетеді де, құрамындағы тұз бітінде қалып қояды. Қызылорданың соры содан. Суды өзінің керекті мөлшерінен артық берсең, топырақ қайтадан батпаққа айналады. Аз берсең, құрғақшылыққа айналады. Нормасын сақтап отырып беру керек,- дейді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» білім беру бағдарламасының жетекшісі Отарбаев Бауыржан Сермағамбетұлы.

Осы уақытқа дейін ауыл шаруашылығы дақылдарын тамшылатып суару және топырақішілік суару технологияларын зерттеу мен тәжірибеге енгізу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Мұндай жұмыстардың басы қасында жүретін, үнемі бақылауында ұстайтын техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Серікбай Ыдырысұлы Өмірзақов суды үнемдеу, оны тиімді пайдалану тек өсімдік үшін емес, жалпы әлем үшін өзекті екенін айтып өтті:

– Су мәселесі – өте өткір тұрған мәселелердің бірі. Қазіргі таңда климаттық өзгеріс жағдайында су ресурстарының тапшылығы айқын байқалуда. Әсіресе Сыр өңірінің табиғи климаттық жағдайы күрделі, су ресурстары шектеулі. Сондықтан біз ғылыми практикалық жолдарды тиісті пайдалана отырып, әрбір тамшы суды үнемдеуге күш жұмсауымыз керек. Ол үшін білікті кадрлар керек. Ал оларды дайындау – университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының тікелей міндеті. Осы бағытта мемлекеттік қолдауларды терең сезіне отырып, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың біздің алдымызға қойып отырған цифрлық платформаларды пайдалана отырып, біз суды үнемдеуге барынша қол жеткізуімізге болады. Әрі ішкі мүмкіншіліктерді барынша пайдаға жарату маңызды.

Жалпы су ресурстары дегеніміз – жер бетіндегі және жер астындағы шаруашылыққа және адам өміріне тіршілік ету үшін жарамды су қоры. Сол су қорының көлемі жылдан-жылға азаймаса, көбейіп жатқан жоқ. «Тіршілік нәрінің» тапшылығы мен трансшекаралық су проблемалары бүгінгі күннің өзекті мәселелері қатарынан түспей отырғаны да сондықтан. Ал біз болсақ, қарапайым үйіміздегі сарқырап ағып тұрған судың қайдан, қалай келіп жатқанын, ал кәріз суларының қайда барып құйып жатқанын бір сәт ойланып та жатпаймыз. Мысалы кәріз суларын фильтрден өткізіп, қайта ауылшаруашылық өнімдерін суаруға пайдалануға болады екен. Әрине мұның бәрі үлкен еңбекті талап етеді. Алайда су тапшылығы уақытында суды үнемдеуге көп көмегін тигізер еді. Жыл сайын су үнемдеу технологияларын қолданатын егістік алқаптарының көбеюі де жайдан-жай емес. Заман талабына сай әрекет ету. Ал ол дәл осы су ресурстарын меңгерген мамандардың көмегінсіз жүзеге аса қоймас.

Елдегі болып жататын су тасқыны да бұл саламен тікелей байланысты. Көктем шыға алқымнан алатын су тасқынының салдарын жойғанымызбен, себебін анықтап, алдын-алу маңызды емес пе? Ал оны кім зерттейді? Ай-





налып келгенде осы салада жұмыс істейтін мамандардың көмегіне жүгінеміз. Гидролог, гидротехник, гидрогеолог іздеп сан соғамыз. Сондықтан қоғам өміріне аса қажетті бұл салада оқу әрі жұмыс істеу – мәртебе, ел игілігі үшін жасалынған жұмыс болар еді.

КАДРЛАРҒА ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ ӨҢІРЛІК КАРТАСЫ

Қазіргі әлем өте жылдам өзгеруде. Цифрландыру, жасанды интеллект, роботтандыру және «жасыл экономикаға» көшу үрдістері дәстүрлі еңбек нарығын түбегейлі өзгертіп жатыр. Бұл өзгерістер Қызылорда облысын да айналып өтпейді. Пандемиядан кейінгі кезең көрсеткендей, кез келген дағдарысқа төтеп бере алатын икемді экономика мен білікті маман – басты құндылық.

Кадрларға қажеттіліктің өңірлік картасы – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қызылорда облысы әкімдігі және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бірлескен стратегиялық бастамасының нәтижесі. Бұл – өңірдің 2035 жылға дейінгі дамуының интеллектуалды компасы. Жобаны жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар, бизнес өкілдері, сарапшылар және білім беру мекемелері біріктірілген. Кешенді зерттеу барысында әлеуметтік-экономикалық деректер талданып, жұмыс берушілермен терең сұхбаттар жүргізілген. Нәтижесінде, «Қызылорда облысының жаңа мамандықтар атласы» және кадрлық қажеттілік картасы әзірленді, ол – қай мамандықтардың жойылып бара жатқанын және қайсысының цифрлануы қажет екенін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында адам капиталының дамуы мен заманауи сын-қатерлерге тиімді жауап бере алатын мамандарды даярлау бағыты бойынша нақты басымдықтарды айқындап берді. Сонымен қатар елімізде жасанды интеллект мектебін қалыптастырудың және цифрлық ойлауды ерте жастан дамытудың маңыздылығын атап өтті. Қазір мүлде жаңа цифрлық ауыл шаруашылығы, «ақылды» құрылыс, баламалы энергетика, IT-сектор, робототехника және жаңа білім беру технологиялары, т.б. бағыттар қалыптасуда. Барлығының да қажет ететіні: жаңа форматтағы, шығармашыл, цифрлық сауатты, көпсалалы құзыреттерге ие мамандар. Цифрлық ауыр шаруашылығы демекші, бұл кезде судың мөлшерін есептеп барып егінге жіберетін технологиялар, дронмен суару секілді тәсілдер пайда болып, оларды жас мамандар меңгеріп шығу қажеттігі туындайды.

Жалғасы 5-бетте

Басы 4-бетте

ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДТАП, ТАСҚЫН ҚАЛПЫН ДӘЛДІКПЕН БОЛЖАЙДЫ

Мамандықтардың трансформацияға ұшырап, кейбірінің цифрлануына байланысты жоғары оқу орындары мен колледждер оқу жоспарлары жаңартылмақ. Осылайша жаңа білім беру бағдарламалары мен құзыреттік модельдері енгізіледі. Сондай жаңартылатын мамандықтың ресми атауы – Су ресурстарының Data-ғалымы / Гидро-болжау және модельдеу сарапшысы. Халықаралық аналогы – Water Data Scientist / Hydro-Informatics Engineer. Айта кетейік, мұндай мамандықты игеру Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті базасында жүзеге аспақ. Аталмыш маман су шаруашылығын басқару үшін «Үлкен деректер» (Big Data) технологиясын қолданады. Ол спутниктік суреттерден, IoT-сенсорлардан және метеостанциялардан келетін әртүрлі ақпаратты бірыңғай базаға жинайды. Су Data-ғалымы машиналық оқыту (Machine Learning) алгоритмдері арқылы өзен ағынының болашақ сценарийлерін жасайды, егістікке қажетті судың дәл мөлшерін есептейді және суды тиімсіз пайдалану (ұрлық немесе апаттық ағу) фактілерін цифрлық іздер арқылы анықтайды. Мұны оқыған мамандар Data Mining және Бағдарламалау: Python немесе R тілдерінде күрделі гидрологиялық деректерді өңдеу және SQL дерекқорларымен жұмыс істей алуы қажет. GIS және Қашықтықтан зондтау, яғни ArcGIS, QGIS бағдарламаларында су қорының кеңістіктік карталарын жасау және спутниктік индекстерді (NDWI) талдай алуды үйренеді. Предиктивті аналитика жасайды. Бұл дегеніміз – жасанды интеллект модельдерін құрып, алдағы маусымдағы су тапшылығын немесе тасқын қаупін 90-95% дәлдікпен болжау деген сөз. Және Data Storytelling – Күрделі статистикалық есептерді мемлекеттік органдар мен фермерлерге түсінікті графиктер (Dashboard) түрінде жеткізеді. Мұндай мамандық Су тапшылығының күшеюіне байланысты суды үнемдеу шешімдерінің нақты «деректерге» негізделу қажеттілігінен туындап отыр. Айта кетейік, бұл мамандықты меңгерген студент болашақта Су ресурстары және ирригация министрлігінің ақпараттық-талдау орталықтарында да жұмыс істей алады.

Мамандық цифрланған сайын оны меңгеретін жастарға деген сұраныстың да артатыны сөзсіз. Өйткені бүгінгі ұрпақ технологияға келгенде мықты деген көп жылдық тәжірибесі бар мамандарды басып оза алады. Оны қарапайым ғана үйдегі үлкендеріміздің өздерінің ұялы телефонындағы көп функцияларды білмей, балалары мен немерелерінің көмегіне жүгінетінінен-ақ байқауға болады. Сондықтан жастарымыз ойланбай жаңадан цифрландырылып жатқан су ресурстары саласындағы мамандықтарды сеніммен таңдай алады. Әрі грант, әрі сұраныс. Ертең оқу бітіре сала жұмыспен қамту мәселесіне де аса қатты уайымдамайды. Себебі бұл мамандықты «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасына қосу туралы мәселені құзырлы органдар қарастыру үстінде. Бұдан бөлек қазіргі таңда сала мамандарының жалақы мөлшерін өсіру мәселесі де қолға алынды. Оған мамандығы басқа болса да осы салада қызмет ететіндердің дипломы жұмысындағы мамандығына сай болуы керек деген талапты тағы қосыңыз. Осыдан болу керек 2-нші жоғары білім алушылар саны жылдан-жылға өсіп келеді екен. «Мысалы былтыр 15 студент болса, биыл олардың саны 20-ға жетті»,- дейді Б.Отарбаев.

Ал енді мамандықты цифрландырғаннан кейін ше? Сәйкесінше, ұстаздарымыздың да біліктілігін арттыру да өзекті болмақ. Алдағы жылы оқытушыларды Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетіне (ҚазҰСШИУ) жіберу жоспарланған. Аталмыш университет Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен 2024 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің құрамынан бөлініп, жеке зерттеу университеті ретінде қайта құрылды. Демек жаңа жоғары оқу орны кезіндегі атақты Жамбыл гидромелиорациялық-құрылыс институтының тарихи мұрагері.

Кафедра студенттеріне өз ісінің білікті, бар ғұмырын білім жолына арнаған мықты мамандар дәріс береді. Олардың қатарында техника ғылымдарының докторы, профессор, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Қошқаров Серікбай Иманбайұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Өмірзақов Серікбай Ыдырысұлы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Шомантаев Асылхан Әшімұлы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, БББ жетекшісі Отарбаев Бауыржан Сырмағамбетұлы, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Шаянбекова Бахытжан Рахманбердіқызы және т.б. жоғары білікті ұстаздар бар. Кафедра «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау», «Су ресурстары және суды пайдалану», «Жерге орналастыру», «Кадастр» мамандықтары бойынша бакалаврларды дайындаса, 2004 жылдан бастап «Су ресурстары және суды пайдалану», 2008 жылы «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандықтары бойынша магистратура ашылды. Ал 2012 жылы наурыз айында «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандығы бойынша PhD докторантура негізінде білім береді. Алғашқы докторанттар болып кафедра түлегі П.О.Буланбаева, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің оқытушылары Қ.Б. Әбдешев, Қ.Қ.Масатбаев оқыған болатын.

ТАЛАПТАН ДА ЕҢБЕК ҚЫЛ

Мұнда оқытушылық құрам тек дәріс беруімен шектелмейді. Олар білім алушыларға теориялық білімін практикалық негіздежүзеге асыруларына да жағдай жасайды. Олардың идеясын қолдап, инженерлік шешімдер ұсынуға баулиды. Сондай ұстаздарымыздың бірі – «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, PhD Буланбаева Перизат Орынбасарқызы. Перизат Орынбасарқызы «Климаттық тәуекелдер және оларды басқару» пәні аясында ВРв-25-1 оқу тобының білім алушыларына климаттың өзгеруінің су ресурстарына және суармалы егіншілікке ықпалын зерделеп, су тапшылығы жағдайында суды тиімді басқаруға бағытталған жобалық жұмыстарды орындатып келеді. Өйткені климаттың өзгеруі мен су тапшылығы – бүгіннің ғана емес, келешек ұрпақтың да тұрақты дамуына тікелей әсер ететін маңызды мәселе.



Біз де жоба жұмыстарымен танысу әрі білім алушылардың идеяларын көру мақсатында №5 оқу ғимаратына аяқ басын тіреген едік. Кафедра жұмысы, студенттердің білім алуы барысымен танысу барысында ВРв-25-1 оқу тобының білім алушылары Батырхан Мадихан Біржанұлы мен Бекжан Бақытжанұлының «Автоматтандырылған су үнемдеу технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы бірлескен жобасын тамашаладық.

– Жобаның негізгі идеясы – суару үдерісін автоматтандыру арқылы судың артық жұмсалуын төмендету, қажетті су көлемін тиімді басқару және адам еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік беретін технологиялық шешімдерді қарастыру. Нақты проблеманы анықтау, оны талдау, техникалық шешім ұсыну,- дейді өз идеяларын тәжірибелік модель арқылы көрсетуге мүмкіндік берген білім алушылар. Айта кетейік олар жобаның жұмыс қағидатын түсіндіретін макетті өз қолдарымен құрастырыпты. Және негізгі идеясын қарапайым тілде қонақтарға толық түсіндіріп берді. Тіпті, егінді сусыз да суаратын жобаларының бар екенін көрсетті.

Жалғасы 6-бетте

Басы 5-бетте

ЕРТЕҢГІ КҮНІҢ – БҮГІНГІ ТАҢДАУЫҢНАН БАСТАЛАДЫ

Оқу ғимаратында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген гидротехнигі Мәделхан Нәлібаев атындағы су шаруашылығы музейі орналасқан. Музей – тұнып тұрған тарих дерсіз. Мұнда сонау Шірік рабат аймағындағы жасанды жер суландыру құрылысы, Бәбіш-мола кесенесі маңынан табылған канал, арық, егіс алқаптары мен елді мекендер іздері, Жетіасар шатқалының ирригациясы туралы мәліметтер, Ортаазиялық «қос өзен» Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы құм басқан өркениеттер ізіне жасалынған ғылыми ізденістер нәтижесі бәрі-бәрі бар. Тіпті сол замандағы қазақ халқының суару үлгісі де көрсетілген. Бұл әдістің бәрі мұражайда жайдан-жай тұрған жоқ. Суды үнемдеу, оны тиімді пайдалану сол кезден-ақ өзекті болғанын көрсету әрі насихаттау, үлгі ету мақсатында жасалынған.

Ал оқу орнын тәмамдаған мамандарымыз облысымыздағы ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК-ның Қызылорда филиалы, Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы, Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Салалық министрліктің стратегиялық нысандары, «Мелиоратор» ЖШС және т.б. мекемелерде жұмыс істей алады.





– Біз түлектерімізбен мақтанамыз. Олар министрліктен бастап, өңіріміздегі жоғарыда аталған мекемелердің қайқайсысында болсын қызмет етіп жүр. Мысалы, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы Сейілбек Серғазыұлы Нұрымбетов, жеке кәсіпкерлігін дамытып, мықты технологияларды өз шаруашылығында пайдаланып жүрген «Ер-Әлі» серіктестігінің негізін қалаушы әрі төрағасы Әліби Бақытбекұлы Бекжановтың өздері көпке үлгі боларлық тұлғалар. Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Молдағалиұлы Қазтоғанов, дәл осы мекеменің бөлім басшысы Айгүл Киікбайқызы Әлібекова да – біздің түлектер. Бәріңіз білетін Қызылорда облысының білім басқармасының «Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры Абайбек Талғатұлы Жүнісов те осы кафедрадан түлеп ұшқан, - дейді мақтанышпен Бауыржан Сермағамбетұлы. Айтқандай-ақ екен, біз барғанда, Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясының бөлім басшысы Айгүл Киікбайқызы дәріс оқып жатты. Бүгінгі жастарға суды үнемдеудің аса маңызды дүние екенін түсіндіру үшін жылдық жоспарды іспен көрсетіп жүрген маман:

– «Суды үнемде – болашақты сақта» деген шараларға байланысты жоспарымызға сәйкес мектеп оқушыларын да қамтимыз. Осыған дейін 2 мектепке бардық, агроколледж студенттерімен кездестік, сонымен қатар бүгін, міне, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Енді алдағы уақытта Қызылорда қаласындағы №211 А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясында инспекция басшылығының қатысуымен үлкен масштабта іс-шара өткізілмек,- деді Айгүл Әлібекова.

...Білімдіге білімсіз бағынбай ма?
Іздесе, пендеге жол табылмай ма?
...Талпынған мақсат іздеп мақрұм қалмас,
Адамдық ғылым жолын қуайын деп.
...«Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық» - деп

Шәкәрім атамыз жырлағандай, біз де бұл мақала арқылы енді ғана үлкен өмірге қадам басқалы отырған болашақ студенттерімізді жақсы білім іздеу жолында жалықпауға шақырамыз. Білгенді, білмегенді анықталық дей келе, өшпес өмір, таусылмас мал берерлік білім көзін ізделік деп бұл саланың құндылығы мен мүмкіндіктерін түсіндіруді жөн көрдік. Себебі талпынған мақсат іздеп мақрұм қалмас. Қолымызда бардың бағасын базарлай алатын уақыт бүгін мүмкін боп тұр. Осы мүм¬кіндікті уыстан шығарып алмалық!

Жансая ЖҮНІСОВА

ЖАСТАРҒА!

Еліміздің сенері де көрері,
Жастар сендер тау қопарар шебері.
Басқаларын қоя берші айтпаймын,
Сендерсіндер болашаққа керегі.

Ел үмітін арқалайтын шаршамай,
Жаман әдет құмарлықты аңсамай.
Қара басқа қауіп төнсе егер де,
Жұмылатын топ боп ұшқан қарғадай.

Нағыз сендер батырдың ұрпақтары,
Қаны тасып жұлқынған тулап бәрі.
Атымызды әлемге шығаратын,
Жарқырап сәуле шашқан шырақтары.

Мақтанышы жастары ғой қазақтың,
Көрсетпеген жеңіліспен азап тым.
Көк байрағын бұл қазақтың паш етіп,
Көрсететін кереметін ғажаптың.

Жас жігіттер алып дара ұлдарым,
Гүл бағындай жайқалған көп қыздарым.
Күллі белес бағындыра беріңдер,
Олимпиада, Азияның шыңдарын.

Міне, қазір елім көрмей азап тым,
Түйірінде көрмесе екен азаптың.
Жастарым ай ту ұстайтын биікте,
Сендерсіндер болашағы қазақтың!

Қарасайұлы Асқарбек,
Ж-26-1 тобының студенті



«ҰЛАҒАТ ҰЛАНДАРЫ» ҰЙЫМЫН ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРҒЫМ КЕЛЕДІ



Жастармен жұмыс істеу – тек іс-шара ұйымдастыру емес, олардың бойындағы қабілетті ашып, бастамаларына қолдау көрсету. Оларға мүмкіндік беріп, бағыт-бағдар ұсыну. Осы орайда Жастар ресурстық орталығының есігі кімдерге ашық? Бүгінде бүкіл қазақ елі танитын «Қорқыт құрамасы» командасы қалай құрылды? Біраз студенттің жалында кезеңдері өткен «Ұлағат Ұландары» ұйымының қоғам үшін пайдасы қаншалықты? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде Қызылорда облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі Руслан Болатбекұлы Құрмановпен сұхбат құрған болатынбыз.

Руслан Болатбекұлы 2002–2006 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Тау-кен орындарын игеру» мамандығы бойынша білім алған. Кейін 2021–2025 жылдары «Ашық» университетінде «Экономика» мамандығын тәмамдаған. Алғашқы еңбек жолын өзі студент болған оқу ордасындағы «Мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру» бөлімінің маманы ретінде бастап, түрлі саладағы қызметтермен жалғасқан. Әр жылдары эколог, жеке кәсіпкер, мемлекеттік қызметші, Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары қызметтерін атқарған. 2026 жылдың мамыр айынан бастап Қызылорда облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры.

Біздің басты мақсатымыз – жастарға мүмкіндік беру

– Руслан Болатбекұлы, ең әуелі әңгімемізді мына сұрақтан бастасақ. Қаланың сол жағалауына өте бергенде көзге бірден түсетін ғимараттардың бірі – Жастар ресурстық орталығы. Алайда орталықтың атауын, орналасқан жерін білгенімізбен, оның нақты қандай қызмет көрсететінін көпшілік біле бермейді. Айтыңызшы, орталықтың негізгі жұмысы қандай? Жастар мұнда не үшін келе алады?

– Ең бастысы, айта кетейін, біздің жұмыс істейтін контингентіміз – 14 пен 35 жас аралығындағы жастар. Оларға біз қажетті ресурстар ұсынып, бастамаларын жүзеге асыруларына мүмкіндік береміз. Мәселен, бізде жастардың емін-еркін дайындалуына арналған кең залдар мен кітапхана бар. Қажеттілікке қарай кітапханада кешкі сағат 22:00-ге дейін отыруға мүмкіндік қарастырылған. Емтихан кезінде студенттер келіп дайындалса да болады. Жастар ресурстық орталығы деген атаудың өзі айтып тұрғандай, біз жастарға қажетті мүмкіндіктер мен ресурстарды ұсынамыз. Бірі кітап оқуға келеді, енді бірі спортпен айналысады дегендей. Кейбірі жаңа білім игеруге, өз жобасын қорғауға немесе достарымен бірге шығармашылық жұмыс жасауға қызығушылық танытады. Сондай-ақ бізде үлкен IT-парк бар. Мұнда ақпараттық технологиялар туралы тегін білім алуға мүмкіндік қарастырылған. Қазіргі таңда орталығымызда осы бағытта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Азамат Қуанышбаев сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісуде. Мысалы, «Сыр жастары» атты мобильді қосымшаны алайық, 8-сыныпта оқитын оқушы қатысып жатыр. Керемет емес пе? Одан бөлек біз жастардың тек дайын жобаларға қатысқанын емес, өз идеяларын ұсынып, оны жүзеге асыруға ұмтылғанын да қалаймыз. Мысалы, осы бағытта «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы бар. Бұл бастама жастардың өз жобаларын ұсынып, оларды арнайы комиссия алдында қорғауына мүмкіндік береді. Жоба аясында 300-400 мың теңге көлемінде гранттар қарастырылады.

«Қорқыт құрамасы» командасын құрдық

– Білесіз бе, біз газетіміздің «Сұхбат» айдарына өзіңізді жәйдан-жәй таңдап алған жоқпыз. Ең әуелі сіз – біздің оқу орнымыздың түлегісіз. Университет өзіңіздей түлегі барын мақтан тұтады. Осы орайда студенттік жылдарыңыздың қалай өткені туралы айтып берсеңіз. Сіз білім алған қара шаңырақ қаншалықты есіңізде қалды? Сірә, университет қабырғасында белсенді студент болған шығарсыз…

– Дұрыс айтасыз (күліп). Мен университетте оқып жүрген кезімде қоғамдық жұмыстарға белсенді араластым. Студенттік өмірімнің ең есте қалған тұстарының бірі – жастар ұйымдарына мүше болғаным, шығармашылық ортада жүргенім және студенттерді ортақ мақсатқа жұмылдыруға тырысқан кезеңдерім. «Ұлағат Ұландары» ұйымының жұмысына, «Жайдарман» көңілді тапқырлар өнер көрсететін жастар қозғалысына да белсенді араластық. Осылайша университетте қазақ тіліндегі квн командаларын құруға атсалыстық. Оқу бітіріп, университет қабырғасынан кететін кезде «Жастар саясаты және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі» басшысы Рабиға Тасбергенқызы Игенбаева мені осы бөлімде жұмыс істеуге шақырды. Келістім. Алдымызда енді ғана құрып бастап жатқан квн командаларының жұмысын жандыру секілді мақсаттар тұрды. Осылайша біз «Қазақтың қазағы», «Қорқыт құрамасы» секілді командаларды құрдық және олардың ең үздік болуына жұмыс істедік. Сол ортада алған тәжірибем мен үшін әлі күнге дейін құнды.

– Жаңа өзіңіз «Қорқыт құрамасы» командасын құрдық деп айтып қалдыңыз. Сонда бәріміз білетін «Қорқыт құрамасы» командасының негізін салушылардың бірі өзіңізсіз бе?

– Иә, жоғарыда айтып өткендей, университет қабырғасында жүргенде қазақ тіліндегі әзіл-сықақ командаларын құруға атсалыстық. Алғашқы бастамаларымыздың бірі – «Қазақтың қазағы» командасы болды. Кейін 2007 жылы «Қорқыт құрамасын» құрдық. Сонымен қатар «Коридор» атты орыс тіліндегі команда болды. Ол кезде «Жайдарман» қозғалысы енді қалыптасып келе жатқан кезең еді. «Қорқыт құрамасы» арқылы талай жас өнерге келді, сахнада өзін сынап көрді. Кейбірі кейін кәсіби шығармашылық жолға түсті. Мысалы, Асылхан Дүкенбаев, Құттыбай Сағындықов, Нұрлыбек Асанбаевтарды айтсақ болады. Бүгінде сол жігіттермен араласып тұрамыз. Жалпы Қызылордадан шыққан талантты жастар көп. Әзіл-сықақ, театр, кино және сценарий жазу салаларында өңіріміздің азаматтары еңбек етіп жүр. Мәселен, «Өнер қырандары» театрының сценарисі, әзіл-сықақшылардың шығармашылық бағытына үлесін қосып жүрген Абдусаид Төлегеновті атап өтуге болады. Қанат Әлжаппаровты мен айтпасам да өздеріңіз білесіздер. Ал кино және сценарий жазу саласында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлектері бар. Мысалы, «Джохан» фильмінің сценарий авторлары Абдусаид Төлегенов пен Әділбек Сапаров. Әділбек – өзіміздің Қорқыт ата университетінің түлегі.

«Университеттің 100 майталманы» лагері жастарға шабыт беретін

– Әңгімеміздің басында «Ұлағат Ұландары» ұйымын атап қалдыңыз. Студент кезімде байқайтынмын, ұйым мүшелері өте белсенді болатын…

– Иә, иә. «Ұлағат Ұландары» ұйымында өткен кезеңдерім – менің студенттік жылдарымдағы ең есте қалған сәттерім. Ұйым педагогикалық бағытта жұмыс істейтін. Оның мүшелері балалар лагерінде тегін тәлімгер болып, бүлдіршіндерге бағыт-бағдар беретін. Менің байқауымша, кейде жастар балаларды өз ұстаздарынан да ерекше шабыттандыра алатын. Біз студент кезімізде әр жексенбі сайын қаламыздағы А.С.Макаренко балалар үйіне барып, балалардың көңілін көтеру үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастыратынбыз. Сенесіз бе, бір де бір жексенбіні жібермейтін едік. Сол кездегі жастардың өмірге деген құлшынысын осыдан-ақ көруге болады деп ойлаймын. Кейде бүгінгі буынның көздерінен жалын байқамаймын. Ал мен ол жалынды оятқым келеді. «Сенің қолыңнан келеді» деген бір ауыз сөз адамға кейде қандай күш беретінін білсеңіз ғой. Сондықтан мен «Ұлағат Ұландары» ұйымын қайта жандандырғым келеді. Жастарды шабыттандыратын тағы бір бастама ретінде «Университеттің 100 майталманы» лагерін атасам болады. Сол жылдары университетіміздің ректоры болған Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов жыл сайын 25–30 тамыз аралығында «Университеттің 100 майталманы» атты лагерь ұйымдастыратын. Сол жүз студенттің қатарына ену – біз үшін үлкен арман еді. Тізімге кез келген студент кіре салмайтын. Оның белгілі бір жетістігі, университет өміріне қосқан үлесі болуы керек болатын.

– Руслан Болатбекұлы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде өткен студенттік шақтарыңыз өте әсерлі әрі қызыққа толы екен. Тыңдап отырып, шабыттанып қалдым. Осы үлкен мектеп сіздің бүгінгі жұмысыңызға өз септігін тигізгені көрініп тұр. Енді өзіңіз жастар осылай ауыз толтырып айтатындай қандай жобалар жасап жатсыздар?

– Сұрақты өте орынды қойдыңыз. Енді ғана өзім қазіргі жастардың бойындағы отансүйгіштік сезімді күшейту мақсатында ұйымдастырып жатқан «Сыр ұландары» атты әскери бағыттағы жобаны айтқалы жатқанмын. Қазіргі таңда аудандардағы мектептерде алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ беретін мұғалімдермен тікелей байланыс орнатып, олардың басын қосып, жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Қатысушыларды арнайы дайындап, үздік шыққандарын республикалық көлемде өтетін «Айбын» әскери-патриоттық жиынына қатыстыруды көздеп отырмыз. Бұл – жастардың қабілетін байқап қана қоймай, оларды тәртіпке, жауапкершілікке және ел алдындағы борышын сезінуге тәрбиелейтін жұмыс. Сондай-ақ, осы қазір «Green Aral» халықаралық волонтерлер апталығын ұйымдастырып жатырмыз. Бұл шараның да берері мол.

– Руслан мырза, сұхбатыңызға көп-көп рақмет! Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз. Барлық алға қойған жоспарларыңыз орындала берсін!

Сұхбаттасқан Ж.ЖҮНІСОВА

ҚАРАША АЙЫНА АРНАЛҒАН ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ



Тоқты.

Тоқтылар үшін қараша айы құйын секілді өтеді. Қуанышқа толы болады әрі бедел мен көшбасшылық қасиеттерді шыңдау арқылы қоғамда өзін көрсетуге мүмкіндік туады. Қарашаның екінші жартысы өміріңізге қажетсіз адамдар мен ескі байланыстардан алшақтатып, жаңа таныстықтарға жол ашуы мүмкін. Болашақ жарыңыз жолығып, романтика әлеміне бойлауыңыз да ғажап емес. Ең бастысы асықпаңыз.



Арыстан.

Қараша айында денсаулығыңызға мұқият болыңыз. Тіпті тамақтану рационыңызға көкөністер мен жемістерді көбірек қосып, дәрумендер мөлшерін арттырғаныңыз жөн болады. Қарым-қатынас, ойын-сауық Арыстанның позитивті болуына көмектеседі. Сондықтан жұмысқа немесе оқуға қатты берілмей, бір уақыт демалғаныңыз жөн. Осы кезеңнен жақсы өтсеңіз, сізді ішкі жаңғыру, амбиция мен жетістікке жету кезеңі күтіп тұр.



Мерген.

Қараша айында Мергендердің жағдайы, материалдық әл-ауқаты тұрақты, денсаулығы жақсы болады. Сүйіктіңізбен қарым-қатынасыңыз да айтарлықтай жақсарады. Жеке өміріңізде жағымды және есте қаларлық сәт көп болады. Серіктестік пен жаңа мақсаттарға қол жеткізіп, көкжиекті кеңейтетін уақыт кеп тұр. Тек тұрмыстық жағдайға байланысты даулардан, аяқ астынан болатын ұрыс-керістен сақ болыңыз.



Торпақ.

Қараша айында өміріңіздегі стресс жағдайлары азайып, босаңсуды сезінесіз. Қымбат заттар сатып алып, өзіңізді бір шабыттандырып қоюға да рұқсат. Өзгелер сізге өзімшіл деп баға бермеу үшін сөзіңіздің дұрыс болғанына да мән бере жүріңіз. Мансаптық өсу жолында үлкен өзгерістер болғалы тұр. Алайда бұл жылдың сіз үшін отбасы жыл болатынын ұмытпаңыз.



Бикеш.

Бұл белгідегі жандар үшін қараша айы берекелі болмақ. Өйткені Бикештің қамқоршысы Меркурий өз орнын екі рет өзгертіп, Таразыдан Сарышаянға ауысады. Бұл қараша айының тиімділігін арттыра түседі деген белгі. Бұл айда тек жұмысқа емес, отбасыңызға да көңіл бөлгеніңіз абзалырақ. Жұбайыңызды қуантып қоюды да ұмытпаңыз. Қымбат сыйлықтар арақатынастарыңызды одан әрі жақсарта түсетінін ұмытпағайсыз.



Тауешкілер.

Тауешкілерге бұл айда қомақты қаржыға алынатын заттарды кейінге қалдырып, шығындарды басқаруды қолға алғандары жөн. Ай сайынғы шығындар жоспарын жасап, қаражатыңызды ұқыптап жұмсағаныңыз абзал болмақ. Сондай-ақ денсаулығыңызды жақсарту үшін спортпен шұғылданып, жаяу көп серуендегеніңіз өзіңізге жақсы. Хоббиіңіз бен талантыңызды, өзіңіздің жақсы көретін істеріңізді де ұмыт қалдырмағайсыз.



Егіздер.

Қараша айы Егіздер үшін тұлға ретінде даму кезеңі болмақ. Қиындықтарды еңсеріп, мәселелердің шешімін тауып, тоқтап тұрған жұмыстарыңызды реттеп аласыз. Тіпті жаңа ұсыныстар да түсуі мүмкін. Сондықтан айыңыз оңынан туып тұрғанда мүмкіндіктен айырылып қалмаңыз. Астрологтардың болжамы бойынша, ғылым саласындағы қызметкерлер дәл осы қараша айында үлкен табысқа жететін көрінеді.



Таразы.

Астрологтардың болжамы бойынша, Сіздерге жоғары лауазым ұсынылады, сыйақы төленеді, компания есебінен білім беріледі деп күтілуде. Яғни материалдық әл-ауқатыңыз әлдеқайда жақсарады. Сондықтан дәл осы қарқынмен ары қарай жұмыс істеуді жалғастырыңыз. Ал бойдақ таразылар өмірлік сыңарын кездестіруі бек мүмкін. Тіпті ерлі-зайыптылардың арақатынасы нығая түсіп, шетелге саяхаттаулары да ғажап емес.



Суқұйғыш.

Қараша айында Суқұйғыштардың жұмысы қауырт болады, жеке өмірі де көп көңіл бөлуді қажет етеді. Мұны тең ұстау үшін эмоцияңызды бақылауға алыңыз. Бәріне үлгеру мүмкін емес, сондықтан қайсысына басымдық беретініңізді ақылға салып шешіңіз. Қандай жағдай болмасын оптимистік көзқараста қалып, өмірге деген құлшынысыңызды өшіріп алмауға тырысыңыз. Қажет болса шығармашылық курстарға барсаңыз да болады.



Шаян.

Бұл белгідегі жандар қараша айының басым бөлігін романтикамен өткізеді. Шаяндардың жан-дүниесі бақытқа толы болады, қарым-қатынасы нығайып, жалғыз жүргендер махаббатын кезіктірмек. Шаңырақ көтеру немесе отбасында бала сүю, тұрғын үй жағдайын жақсарту секілді жақсы жаңалықтар болуы да ықтимал. Сол үшін бойыңызды жаман әдеттерден аулақ ұстап, белсенді демалыстардан бас тартқаныңыз абзалырақ болады.



Сарышаян.

Бұл белгідегі жандар үшін қараша кәсіби амбицияның айы болмақ. Өзінің жаңа қабілеттерін көрсетуге, мықты маман екенін дәлелдеуге уақыт келген сияқты. Алайда жұмысқа түбегейлі берілмей, туғантуысқандарыңызға, достарыңызға да көңіл бөлгеніңіз жөн болар. Бір сәт жақындарыңызбен кездесіп қайту өзіңізге де пайдалырақ болмақ. Сонымен қатар қаражатыңызды бей-берекет шашпай, ұқыпты жұмсауды үйренгеніңіз дұрыс.



Балықтар.

Өткен айларда Балықтар дамуға, оқуға және жұмыс істеуге көп уақыт жұмсады. Мұндай талпыныс қараша айында өз жемісін береді. Айдың ортасына қарай қызықты оқиғаға толы романтикалық сәттер де болуы мүмкін. Мұның әрі қарай қалай жалғасатынын өзіңіз шешесіз. Ең бастысы жүрегіңізді тыңдаңыз. Ертеңгі күніңіз бүгінгі таңдауызбен байланысты екенін ұмытпағайсыз.

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №KZ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Н.С. БАЙҚАДАМОВ -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
Н.А.САҚТАҒАНОВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
У.С.ИБРАЕВ -
Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры

Жауапты редактор:
Жансая Елубайқызы

Техникалық редактор:
Асқар Махашов

Сыр түлегі
жастар газеті
1992 жылдың наурызынан бастап шығады

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.